# НҰРА

№ 10 (5198) сенбі
5 наурыз 2011 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті


## МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН, ҚҰРМЕТТІ АНАЛАР, АРУЛАР!

## С ПРАЗДНИКОМ, ДОРОГИЕ ЖЕНЩИНЫ!

### ҚЫМБАТТЫ ӘЙЕЛДЕР!

Сіздерді 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен, керемет көктем мейрамымен құттықтаймыз!

Осы көктем мейрамы Сіздерге жақындарыңыздың қуаныш сезімі мен махаббатына, жанныңыздағыларыңыздың жан жылуы мен қамқорлығына бөлене беріңіздер!

Уақыт зымырап, өтеді де кетеді, алайда әйелге, анаға, ардақтыға, әдемілікке деген құндылық ешқашан да өзгермейді.

Әйел – Атам Заманнан отбасының, мемлекеттің негізін сақтаушы болып табылады. Олар балаларын бағып-қағып, өсіруге түн ұйқысын төрт бөліп, барын салады!

Сіздер қоғамымыздың дамуына ешнәрсемен өлшенбес үлес қосудасыздар!

Біздің мемлекет Басшысының жүргізіп отырған саясатына сәйкес Қазақстан әйелдер мен аналардың, балалардың құқы мен мүддесін қорғау саласында едәуір жетістікке қол жеткізді.



Әйелдер мен балалар мүддесін қорғау жергілікті атқарушы органдардың жұмысында да басым бағыт алып отыр. Көптеген нұралық әйелдер тек қана отбасының анасы ғана емес, табыскер адамдар. Бізде көшбасшылық касиеті бар, білімі жоғары әйелдер көп. Солардың арасында әр түрлі саладағы мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары, кәсіпкерлер, қоғамдық қайраткерлер бар.

Осы мереке күні біздің шын жүректен тілеген құттықтауларымызды қабыл алыңыздар. Сіздерге бақыт, денсаулық, махаббат тілейміз! Сіздердің бар армандарыңыз орындалсын. Және Сіздердің үйлеріңізде әрдайым махаббат, молшылық және тыныштық бола берсін!

**Мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті әйелдер!**

**С. ШАЙДАРОВ,**
Нұра ауданының әкімі

**Е.ТҰРАНОВ,**
аудандық мәслихаттың хатшысы

### МИЛЫЕ ЖЕНЩИНЫ!

От всей души примите самые теплые поздравления с прекрасным весенним праздником – Международным женским днем 8 Марта!

Этот праздник – не просто дань традиции почитания женщины. Этот день символизирует собой все то, что Вам присуще: нежность, красоту, заботу. Вы наполняете жизнь любовью и светом, делаете дом уютным и радостным. Ваша поддержка вселяет уверенность и вдохновляет на созидание, обаяние согревает сердца и души. Ваша терпение помогает справляться с заботами повседневной жизни, доброта – воспитывать детей и внуков. С именем Женщины связано в нашем сознании вечное обновление жизни.

Глава государства, Лидер Нации Нурсултан Абишевич Назарбаев уделяет особое внимание вопросам поддержки женщин, созданию условий, позволяющих женщине полностью реализовать себя во благо своей семьи, своего народа, своей страны. В нашей стране защита прав и интересов казахстанских женщин легла в основу всей государственной политики.

Немало делается в этом отношении и в нашем районе. У нас много женщин, обладающих лидерскими качествами, высоким уровнем образования. Среди них – работники органов государственного управления района, руководители учреждений и предприятий, предприниматели и общественные деятели. Будучи успешными людьми, женщины в то же время остаются хранительницами домашнего очага. Ваш вклад в общественную и политическую жизнь нашего района поистине огромен.

Пусть с Вами всегда остается ощущение своего особого предназначения, в Ваших сердцах царит любовь, а глаза искрятся счастьем!

Искренне желаем Вам здоровья, радости, благополучия, отличного весеннего настроения.

Пусть будет много солнца, улыбок и цветов.

Спасибо Вам за доброту и сердечность, любовь и нежность, труд и терпение.

**С праздником, дорогие женщины!**



**С.ШАЙДАРОВ,**
аким Нуринского района

**Е.ТҰРАНОВ,**
секретарь районного маслихата

Лауреат премии акима Карагандинской области

## С КНИГОЙ ПО ЖИЗНИ

**Он как-то незаметно дарит людям**
**Мир нынешних и будущих идей.**
**Он до самозабвения любит книги,**
**Но больше все-таки людей.**

**Эти слова точно соответствуют образу Жалмагамбетовой Зауре Мажитовны, библиотекаря Кобетейской сельской модельной библиотеки, победителя премии акима области работников культуры и искусства в номинации «Лучший библиотекарь села -2010 года».**



В Нуринскую ЦБС Зауре Мажитовна пришла в 1982 году в качестве заведующей детской библиотекой с.Кобетей. Без опыта и образования, тихая, скромная, но ответственная она постепенно осваивала навыки библиотечной профессии. В 1986 году, будучи уже матерью четверых детей, поступает на заочное отделение Карагандинского культурно-просветительного училища, которое успешно оканчивает в 1988 году.

В 1992 году она переходит и принимает Кобетейскую сельскую библиотеку. Более 18 лет все свои силы, знания, опыт отдает Зауре Мажитовна этой библиотеке.

В 2006 году библиотеке присвоен статус «Модельная сельская библиотека», что требовало от библиотекаря новых знаний, нового мышления и подхода к работе. Зауре Мажитовна не растерялась, проявила свое трудолюбие и терпение, освоила компьютер, новые технологии, библиотечную программу «Рабис».

Сегодня в современной библиотеке с.Кобетей можно научиться пользоваться компьютером по обучающей программе СИН (снижение информационного неравенства), здесь выполняются запросы пользователей по цифровой библиотеке «Комиссии по правам человека при Президенте РК», к услугам пользователей ксерокопирование и сканирование документов.

Для обеспечения свободного доступа к краеведческой информации, сохранения документального краеведческого наследия и его широкой популяризации, Зауре Мажитовна приступила к оцифровке краеведческих документов о творчестве своих земляков и привязок их к ЭК «Краевед».

Ни одно мероприятие в селе не проходит без участия Зауре Мажитовны. Будь то ежегодные актуальные круглые столы по Посланию Президента РК, вечера-встречи молодежи с ветеранами Великой Отечественной войны и труда, встречи с земляками воинами-афганцами, праздники «Наурыз» и чествование женщин к 8 Марта, встречи с местным акыном Махметом Темировым, презентации его книг. В ушедшем году Зауре Мажитовна совместно с ДК организовала встречу с композитором, уроженкой с.Кобетей Сайрой Оракбаевой, ныне проживающей в г.Караганда, работает преподавателем в колледже искусств им.Таттимбета.

Кобетейская сельская модельная библиотека является центром досуга для жителей села, где каждый может удовлетворить свои потребности в книгах. Фонд составляет 8640 тыс. экземпляров, пользуются более 700 человек.

Кобетейская модельная сельская библиотека своеобразна. Созданная руками и сердцем Зауре Мажитовны, она очаровывает посетителей своим оформлением, особым размещением библиотечного фонда, уютом. Не будет преувеличением сказать, что эта библиотека авторская (особенно краеведческий уголок), вобравшая в себя трудолюбие, талант и энергию Зауре Мажитовны.

Одно из главных направлений работы библиотеки – краеведение, воспитание любви к родному краю и желание познать все его особенности. Стараниями, бережным отношением и ежедневным кропотливым трудом Зауре Мажитовны создан богатый краеведческий уголок, где собраны накопительные материалы о знаменитых земляках - Буркыт Искаков, Каип Айнабеков, Махмет Темиров, Рахим Асубаев. Итогом этой многолетней работы стала «Энциклопедия села Кобетей», за которую Зауре Мажитовна в областном конкурсе стала победительницей. Еще одним итогом ее работы стало составление истории библиотеки «О библиотеке, о времени, о себе», собирая воспоминания старожилов, с целью оставит память о своей библиотеке. Она приняла участие в конкурсе на лучшую легенду о своем крае, организованном «Комсомольской правдой Казахстана» где была отмечена памятным призом.

На протяжении 3-х лет Зауре Мажитовна ведет работу по Программе «Край, в котором я живу», направленной на углубленное целенаправленное знакомство пользователей с историей родного края, его культурой, истоками народной традиции и народных праздников. При библиотеке для молодежи организован клуб по интересам «Краеведческий четверг».

Пользователи ее библиотеки неоднократно становились победителями областных конкурсов «Читаем и рисуем «Слова Назидания, Абая», «Гимн силе человеческого духа: Трагедия XX века в истории моей семьи».

Уровень популяризации литературы, организации массовой работы и внедрение новых технологий по достоинству оценены. Ее доброта, теплота к людям, любовь к своему делу служат примером для многих библиотекарей Нуринского района.

*Л. КУМПАН,*
**директор Нуринской ЦБС**

**К СВЕДЕНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!**

**В аппарате акима Нуринского района организована работа информационно-справочной службы для уточнения места регистрации избирателей.**

**Телефоны информационно-справочной службы: 21632, 22635.**

**Режим работы: с 9.00 до 19.00 часов.**




# УРОК ДЕМОКРАТИИ

На протяжении двух десятилетий суверенного развития Казахстана Первый Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев уверенно руководит нашим государством, обеспечивая ему устойчивость на крутых поворотах истории и ограждая от роковых ошибок и опасностей. Вот и на этот раз, предложив народу воздержаться от референдума по продлению президентских полномочий до 2020 года и провести досрочные выборы за два года до истечения срока своего мандата, он вновь взял на себя всю ответственность за судьбу страны. И приняв столь неординарное и неожиданное для многих решение, он не просто напомнил всем нам, насколько жизненно важно строго и неукоснительно соблюдать дух и букву Конституции, но и показал это на личном примере, преподнеся тем самым урок не показной, а подлинной приверженности ценностям демократии. В эти дни не только общественность страны, но и целый ряд известных мировых политиков и представителей международных организаций выразили этой позиции казахстанского Лидера свое горячее одобрение.

Бурно развернувшаяся кампания по сбору подписей в поддержку данной инициативы поразила ошеломительной статистикой: за короткое время под ней подписались свыше 5 миллионов казахстанцев, что составляет более половины избирателей!

**За подписями этих миллионов стоит всенародная оценка масштабных свершений Первого Президента, осуществленных им за минувшие 20 лет.**

В сложившейся ситуации Президент был обязан действовать в строгом соответствии с требованиями Конституции. И на деле Нурсултан Абишевич поступил именно так. Воспользовавшись полномочиями, он своим Указом отклонил законодательную инициативу Парламента о внесении изменений и дополнений в Конституцию по вопросам о референдуме. А когда Парламент все же принял закон, Главе государства пришлось апеллировать к Конституционному совету. Конституционный совет признал принятую Парламентом законодательную норму не соответствующей Конституции. Вместе с тем, было указано, что Президент имеет право в течение одного месяца опротестовать данное решение. Но Нурсултан Абишевич не стал томить народ месячным молчанием. Получив заключение Конституционного совета, он в тот же день выразил свое согласие с вынесенным вердиктом, после чего незамедлительно выступил с глубоко содержательным Обращением к нации.

«Я предлагаю всем нам рассмотреть эту ситуацию не как «принятие или отказ», а как исторический урок демократии, который преподнесла нам сама жизнь. Это урок, который проверяет Президента и народ на верность Конституции», - заявил он, тем самым окончательно расставив все точки над «i» в круге вопросов, волновавших казахстанцев на протяжении целого месяца.

Так, предпочтя референдуму выборы, Лидер Нации подтвердил свою верность состоявшемуся на заре Независимости историческому выбору народа Казахстана в пользу демократического пути развития, свободы самоопределения и волеизъявления, и вместе с тем – в очередной раз продемонстрировал свое стремление укреплять в нашем обществе объединяющие, а не разъединяющие начала. На этой принципиальной основе он предложил провести досрочные президентские выборы, несмотря на то, что это на два года сокращает срок его полномочий в качестве Главы государства.

Проект с референдумом свернут, но это вовсе не причина сожалеть о том, что якобы впустую прошла активная, содержательная и разнонаправленная полуторамесячная работа, проделанная тысячами наших соотечественников, депутатами Парламента, членами Народно-демократической партии «Нур Отан». Наоборот, она принесла ценные и довольно ощутимые результаты.

Во-первых, она еще раз показала, насколько мы дорожим сложившимся на сегодня экономическим и политическим положением в нашем государстве и обществе.

Во-вторых, мы явились свидетелями того, как высоко многонациональный народ Казахстана оценивает заслуги Лидера Нации Нурсултана Назарбаева в деле построения, развития и упрочения государственности Республики Казахстан.

В-третьих, сам процесс продвижения инициативы о референдуме обернулся для нашего народа еще одним экзаменом по демократии, тем самым в очередной раз закалив его и обогатив необходимым опытом.

В-четвертых, мы попутно выяснили, что в нашей Конституции все еще имеются уязвимые места, которые когда-нибудь могут заявить о себе в самый неподходящий момент, и благодаря случаю внесли в нее необходимые изменения и дополнения.

В-пятых, в обществе сформировалась представительная и дееспособная коалиция «Казахстан-2020», которая не только поддерживает курс реформ, но при необходимости может встать на его защиту.

Своим историческим решением, воздержавшись от референдума, принять участие в прямых президентских выборах наравне с другими кандидатами, Нурсултан Абишевич ясно подтвердил бессмертную философию древнего народного изречения: «О, народ мой! Оказывать доверие – твоя воля, оправдывать доверие – мой долг!».

**Георгий ПРОКОП,**
**председатель Общественного совета по поддержке кандидата в Президенты Республики Казахстан Н.Назарбаева**

## ЗАРЕГИСТРИРОВАНЫ ЧЕТВЕРО КАНДИДАТОВ

**Завершена регистрация кандидатов в Президенты. На этап сбора подписей было кандидатов 11, однако не все прошли предвыборную гонку.**

**На сегодня ее прошли только четыре кандидата: Нурсултан Назарбаев, Жамбыл Ахметбеков, Мэлс Елеусизов и Гани Касымов.**

**Избирательная кампания в Казахстане выходит на новый этап-агитационный период.**

**Растет внимание международного сообщества к процессам, протекающим в республике: Центризбирком аккредитовал первых наблюдателей от Франции, Нидерландов, Бельгии и Республиканского института(США).**

**В области стартовала акция "Избиратель", которая направлена на уточнение списков избирателей.**

ИПГ на селе

## В экономическом сценарии – стабильность

Согласно утвержденному плану мероприятий по пропаганде и реализации нынешнего Послания Главы государства «Построим будущее вместе» начали работу информационно-пропагандистские группы в районах, которые уже провели 26 встреч с населением.

В нашем районе с рабочим визитом побывали члены группы – С.Куставлетов и Д.М.Кусаинов, которые встретились с работниками судебных и правоохранительных органов, образования, где принял участие и аким района С.Ж.Шайдаров.



С жителями поселка Киевка в районном Доме культуры провел встречу по разъяснению основных положений Послания депутат Мажилиса Парламента РК Д.М.Кусаинов, который назвал время, пройденное за короткий период молодым независимым государством, пронизанным динамизмом социально-экономических и политических реформ. Он вспомнил первые 5-7 самых сложных лет, которые с честью выстояли казахстанцы, несмотря на многомесячное отсутствие заработной платы, талонную систему приобретения товаров первой необходимости, многочасовые отключения электроэнергии. Именно в этот, наиболее тяжелый для страны период, осенью 1997-го года Президент республики объявляет о принятии долгосрочной стратегической программы действий до 2030 года. Строго следуя намеченному плану, Казахстан начал уверенно двигаться вперед, ставя перед собой задачи сначала по налаживанию экономики страны, плавно переходя к политическим реформам. Сегодняшний успех Казахстана – это результат дальновидности Главы государства, в чем не приходится сомневаться.

Нынешнее Послание имеет особое значение, так как оно озвучено в год 20-летия нашей Родины. Поэтому все мероприятия этого года будут проходить под эгидой этого важнейшего события. За 20 лет пройден путь, равный по значимости столетию. Молодое государство, заявившее о себе только в конце прошлого века, к началу второго десятилетия века нынешнего уже стало ведущим в регионе и общепризнанным во всем мире за свои достижения во многих сферах жизни общества.

Поистине революционными переменами Президент республики в своем Послании считает задачи по реализации около 300 инвестиционных проектов, которые планируется реализовать уже до 2014 года, что позволит подняться ВВП к 2020 году до 30%.

Одной из наиболее приоритетных задач нашего общества Глава государства определяет в качественных переменах сферы образования, заостряя внимание на его модернизации. Он подчеркивает, что личным кредо каждого казахстанца должно стать «образование в течение всей жизни». Забота о студентах и преподавателях проявляется в нашей стране в повышении стипендий, заработной платы, выделении грантов, что способствует росту социального оптимизма и дает уверенность в будущем. Предлагаемые Н.А.Назарбаевым финансовые механизмы накопления средств на обучение детей значительно повысят доступность высшего образования.

Особое внимание в Послании было уделено правоохранительной системе, где принято уже 16 законов, введены правовые механизмы защиты собственности, осуществлена гуманизация уголовного законодательства по преступлениям, не представляющим большой общественной опасности, расширена сфера применения наказаний, не связанных с лишением свободы, а также мер пресечения, альтернативных аресту. Благодаря новой системе на 15 процентов сокращена численность аппарата органов правопорядка, оптимизирована их структура, несвойственные им функции переданы в частный сектор. Все это позволит улучшить работу полицейских, вывести ее на качественно новый уровень, активизировать внимание на раскрытии тяжких и особо тяжких преступлений, а также продолжить работу по борьбе с коррупцией.

Кроме того, в Послании «Построим будущее вместе», обращено повышенное внимание таким вопросам, как социальная модернизация, а именно – повышение качества здравоохранения, обеспечение занятости населения, модернизация ЖКХ, обеспечение питьевой водой, повышение доходов населения – а именно повышение пенсий и зарплат. Это еще раз говорит, что для казахстанского лидера на первом месте стоят интересы народа, вопросы социальной защищенности простых людей, насущные проблемы сегодняшнего дня и забота о будущих поколениях.

В этот же день в 15.00 в зале заседаний районного акимата Д.М.Кусаинов провел встречу с работниками бюджетной сферы, где ознакомил нуринцев с основными направлениями Послания Главы государства, направленными на дальнейшее улучшение жизни населения, отметив особенность нынешнего Послания в том, что наша республика в этом году отмечает 20-летие Независимости. Именно поэтому Главой государства в этом самом важном документе подведены итоги поступательного движения нашего государства за годы Независимости и достигнуты впечатляющие результаты.

На этой позитивной ноте член республиканской информационно-пропагандистской группы завершил разъяснительную речь, предложив присутствующим задавать интересующие вопросы. Вместо вопросов с откликом на проводимую политику, как в общем в стране, так и у нас в районе выступил ветеран педагогического труда М.А.Айтжанов, который выразил всеобщее мнение, что сегодня самосознание народа заметно выросло. И если еще года 2-3 назад многим присущи были иждивенческие настроения, то сейчас подобная позиция отходит назад, позволяя вселять надежду в каждого человека на примере конкретных действий Президента и государства в целом.

**Наталия ШЕВЧЕНКО**

# ҚАЙРАТТЫҢ ХАТЫ

Қайрат Рысқұлбеков! 1986 жылғы Желтоқсан қаһарманы ол. Арыстан жүректі арыс әуелі ату жазасына кесілді. Кейін шет мемлекеттердің наразылығынан сескеніп, Кеңес соты ату жазасын 20 жылға бас бостандығынан айырумен алмастырды. Сөйтсек, бұл тоталитарлық жүйенің сырт көзді алдарқатқан сайқал саясаты екен. Ақыры олар жарты жылға жеткізбей, Семей түрмесінде қанішер қарақшының арам қолымен Қайраттай есіл ерді өлтіріп тынды. «Сотталған Қайрат Рысқұлбеков түрме камерасында өзін өзі елтірді» деген мәлімдеме таратты. Неткен аярлық, неткен қитұрқылық!

Сол қайсар Қайрат Алматының түрмесінде тергеліп, жалғыз кісілік камерада отырған шағында есебін тауып, түрмедегі қазақтың қыздары мен әйелдеріне бір жапырақ қағазға жас жүрегін жарып шыққан сәлем хат беріп жіберген екен! Бұл жағдай қалай болды? Оның абақтыдан жолдаған аманат хаты бүгінгі күнге қалай жетті? Енді осы сауалдарға жауап берелік.

Сол желтоқсан оқиғасының жүздеген жазықсыз құрбандарының бірі болып алматылық Балта Исаұлы деген азамат та 6 жылға бас бостандығынан айырылыпты.

- Алматы қаласындағы Сейфуллин мен Райымбек даңғылдарының қиылысындағы
түрмеде шаруашылық жұмыстарына қалдырылдым. Міндетім – күн сайын еден жуу, камерада отырған адамдарға түрме быламығын тасу,- деп еске алыпты ол жазасын өтеп шыққаннан кейін. –Түрменің астыңғы қабатындағы бір кісілік жеке камераларда ату жазасына кесілгендер үкім жоғары жақтан бекітілгенше немесе жазаның басқа түріне ауыстырылғанша отырады екен. Мен Қайрат бауырымды осы қорқынышты камералардың бірінен көрдім.

Оқиға былай болған. 1988 жылдың наурыз айының басында түрме әкімшілігі Балта исаұлын астыңғы қабаттағы бір адамдақ камерада отырғандарға тамақ тасуға, сол қабаттың ұзын дәлізінің еденін жууға ауыстырады. «Жасы келіп қалған адам ғой, камерада отырғандармен байланыс жасай қоймас», деп ойлаған болса керек. Бір күні Қайраттың камерасындағы темір есіктің кішкентай ғана тесігінен түрменің быламық көжесін ұсына берген Балта ағасының қолына есіл ер қарауыл салдаттарға байқатпай шиыршықталған қағазды қыстырып жіберіпті.

- Аға! – деп қалған дауысын естиді ол Қайраттың. Бірақ қарауыл солдат алақандай тесікті жедел жауып тастап, оның әрі қарай сөйлеуіне мүмкіндік бермепті.

- Қайраттың алақаныма қыстырып жіберген қағазын қапысын тауып, ешкімге сездірместен түрме асханасының ыдысаяқ жуатын кішкене қуысына алып келдім. Ашып қарасам, жазушы Іләяс Есенберлиннің «Қаһар» кітабының соңғы парағын жыртып алып, соған жазған екен. Қайрат бұл хатын түрмеде отырған қазақтың қызкеліншектеріне арнапты. Өйткені, дәл сол күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні еді.

Түрмеде желтоқсан оқиғасына байланысты айыпталған қазақтың көптеген қыздары мен келіншектері де қамауда жатқан болатын. Бірақ, олар басқа корпус ғимаратында еді. Онда да шаруашылық жұмыстарына қалдырылған сотталған әйелдер бар. Сол себепті бұл ғимаратқа бегде еркек адамның жақындауы, біреудің сәлем-сауқатын беріп жіберуі әсте мүмкін емес болатын. Мен де сол себептен Қайраттың осы сәлем хатын түрмедегі қазақтың қыз-келіншектеріне жеткізіп бере алмадым. Бірақ оны бойтұмарымдай аман сақтап, бостандыққа өзіммен бірге ала шықтым ,- деп еске алады кейін Балта Исаұлы.

Бұл ағамыз үлкен азаматтық жасаған! Қайраттың сәлем хатын кезінде түрмедегі қыз-келіншектерге жеткізіп бере алмағанымен, оны көзінің қарашығындай сақтап, бүгінгі күнге жеткізгені үлкен ерлік емес пе?

Желтоқсанның сол бір даңқты күндерінде алаңға атойлап шыққан жастардың жартысынан астамы қазақтың қыз-келіншектері болғанын бүгінде зерттеушілер айтып жүр. Әрине, Қайраттың бұл құттықтау хаты тар қапаста тарыққан сол қызкеліншектерге дер кезінде жетсе, олардың құлазыған көңіл-күйлері бір сәтке болса да кетеріліп қалатындары анық еді. Бірақ, онда бұл хат бүгінгі күнге жетер ме еді, жетпес пе еді? Жеткен күннің өзінде осы хатты оқыған қыз-келіншектердің қайсыбіреулері; - Сол қиын-қыстау шақта ату жазасына кесілген қазақтың бір жігітінен көңілімізді көтерген хат алып едік,- деп орталарында ана-санда ғана бір еске алар. Ал Қайрат боздақтың сол хатын тайға басқан таңбадай етіп, жарқырата алдымызға тартқан Балта Исаұлына бүгінгі және келешек ұрпақ қарыздар.

Енді елім деп еңіреп өткен есіл ердің түрмеден жолдаған сәлем хатына назар аударалық. Онда кітап парағының таза жағына маржандай жазуларымен қиғаштай жазып, Қайрат бауырымыз былай депті:

***Құрметті қаракөз қарындастар мен жылы жүзді жеңгейлер!***

***Шын жүрек, ақ көңіліммен алғашқы көктемнің күлімдеген мерекесі 8 март – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!***

***Қамқоршы қайын және ағаларың,***
***Жәрдем берер жағаларың.***
***Қыздар үшін тар қапасқа,***
***Келіп түскен тұлпарларың.***

***Қайрат Рысқұлбеков Ноғайбайұлы.***
***13.03. 1986 ж.***
***ст. 60, 65, 173-1***
***срок – ату жазасы***
***08.03.1988ж.***
***Бывший ст-т ААСИ г№12***
***А-Ата. Сын Моюнкума Джамб. обл.***

Осылай деген де, астына әдемілеп тұрып қолын қойған. Міне, Қайрат ердің қапас түрмеден қазақ қыздарына жолдаған сәлем хаты осы!

Ол осы хатын асығып жазғаны көзге бірден-ақ байқалып тұр. Көңіліндегі аппақ тілегін тар қапастың ішінде аласұрып, кітаптан жыртып алынған ақ парақ бетіне түсіріп отырған сәтінде сездердің ретін сәл шатастырып алған. 60, 65, 173-1 дегендері – Қайрат батырдың мойнына кеңестік соттың іліп қойған кодекс баптары. «Срок – ату жазасы» дегеніне қарағанда, бұл кезде соттың үкімі шығарылып та қойған сияқты. Алайда, аталған жаза 20 жыл бас еркінен айыруға айырбасталғанынан ол әлі хабарсыз екен. Әлде сол уақытқа дейін мұны Қайратқа жасырып айтпай келген бе?

«Бывший ст-т ААСИ» дегені - өзінің темір торға түскенге дейін Алматы сәулет-құрылыс институтының студенті болғанын айтқаны. «Сын Моюнкума» деп жазғаны – кіндік қаны тамған туған жері Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының перзенті екендігін айтқандағысы ғой.

Неткен биік рух! Қандай қайтпас қайсарлық!

Өзі ату жазасына кесілген, үкімнің қашан орындаларын әр сәт сайын беймаза көңілмен күтіп жүрген боздақ Қайраттар қапаста тұңшығып отырса да тас қабырғаның ішінде жабырқап жатқан «қаракөз қарындастары мен жылы жүзді жеңгейлерін» ойлап, бір-екі ауыз жылы сөзімен болса да солардың көңілін көтеруді ойлапты-ау сабаз!

Ойлап қараңызшы, сол кезде Қайрат боздақ небәрі 22 жаста екен. Сөздің шындығы керек, ердің ерінің ғана қолынан келетін тірлік қой бұл дегеніңіз.

Неге дейсіз ғой?

Өзі жалғыз кісілік камерада отырған болатын. Өзі ату жазасына кесілген! Сол үкімнің қашан орындаларын күтіп, есіктің әрбір сықырынан секем алып отырған еді ғой. Артында қалың елі, әлпештеп өсірген әкесі мен шешесі, аяулы бауырлары қалып бара жатқан болатын.

Сөйтіп отырып, қаракөз қарындастарына қанатымен су сепкен қарлығаш құс секілді бір ауыз жылы сөзімен дем беруді ойлаған батыр боздақ-ай! Неткен қайтпас қайсар едің! Жүрегің неткен үлкен еді!

Сен жалғыз ғана Мойынқұмның ұлы емес, барша қазақтың ардақты батыр перзентісің, Қайрат бауырым! Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – сенің тойың!

Өлген жоқсың, ер Қайрат!

Өзіңнің қыран рухың туған еліңнің кегінде қалықтап жүр. Ол халқыңнңмен бірге мәңгі жасай береді!

... Қайрат батырдың тар қапаста жатып, қазақтың қанаттары қайырылған қаракөз қыз-келіншектеріне жолдаған сәлем хатын жазушы Іляс Есенберлиннің «Қаһар» романының соңғы парағына жазуының өзінде ғажап бір символикалық сыр бар сияқты көрінеді маған.

Қазақ халқының даңқты хандары мен біртуар батырларының, аузымен құс тістеген кемеңгер билерінің ерлік шежіресі іспетті осы тамаша тарихи романның соңғы парағына түрмеде жазылған үшбу хат айбынды бабалар жолын жалғаған Қайрат Рысқұлбеков сияқты бүгінгі қазақ жастарының да ерлік эпопеясының басы десек, асыра айтқандық болмас...

**Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,**
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
ҚАРАҒАНДЫ

# Жолдау - жасампаздық жолбасшысы

## *Аудандағы жарқын істер*

Біз жыл сайын Елбасы Жолдауын үлкен үмітпен күтеміз. Елбасының әр жылғы Жолдауларына мұқият үңілсек, сол уақыттардағы халықтың көкейінде жүрген көптеген өміршең сұрақтарға жауап ала аламыз.

Білім саласы – аса маңызды кезек күттірмейтін сала, ейткені еліміздің болашағы келер ұрпақ сапасы мен біліміне тікелей байланысты екені даусыз. Бұл ретте Елбасының республикамызда жаңа оқу орындарын ашамыз дегені, қазіргі жоғарғы оқу орындарының білім беру сапасының дүние жүзілік стандартқа сай болуына, интеллектуалды мектептер ашылуына назар аударғаны – көпшілікті қуантар жай.

Барлық салаларда жақсы нәтижеге жету үшін, инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану керектігі, 2015 жылға дейін жаңа инновациялық жүйе қалыптастырылуы керектігі туралы айтылды. Болашақ негізін қалаушы – ұстаз. Жаңа үрдістегі білім беру жүйесін қалыптастырып, Елбасының алға қойған мақсаттарын жүзеге асыратын да ұстаз. Барша мұғалім қауымын қуантқан жағдай – шілде айынан бастап еңбек ақының 30 пайызға көтерілуі де Елбасымыздың білім саласына ерекше қамқорлығының бір көрінісі.

Осы мәселелер бойынша жұмыстар аудан көлемінде де іске асырылып, ондағы оң өзгерістерді нұралықтар күн сайын сезінуде. Бұл ретте Жол картасы бойынша қыруар жұмыстар атқарылып жатқандығын айта кету керек. Мәселен, біз Киевка №2 қазақ орта мектебіне Жол картасы бойынша жөндеу жұмыстары 2009 жылы – 18 млн-ға, 2010 жылы – 4 млн-ға, 2011 жылы -6 млн-ға жүргізілді.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандарға баспана беру мәселесі де он шешімін табуда, мәселен биылғы жылы мектебіміздің 3 жас мұғалімі жаңа пәтерлердің кілтін алды.

Ұстаздар жұмысын ынталандыруға да ауданымызда көп көңіл бөлінуде. Бұл ретте Ұлттық Бірыңғай тестілеу қорытындысы бойынша 100 % білім сапасын керсеткен ұстаздарға 100 000 теңге көлемінде аудан әкімінің сыйақысын беру дәстүрге айналды.

Елбасы Жолдауында 2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50 пайызы электронды оқытуды жүзеге асыратындығы туралы айтылса, бұл ретте біздің ауданымызда да мектептердің компьютермен, интерактивті тақталар мен, пән кабинеттерімен жабдықталуы жыл сайын артып келе жатқандығын айта кетуге болады.

Көп балалы және жағдайсыз отбасылардың балаларын ыстық тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету мәселесі де жүйелі жолға қойылған.

Елді мекендер, аудан орталығы Киевка кенті күннен-күнге абаттанып, көркейіп, гүлденіп келеді. Осымен бірге аудан халқының да кеңілдері көтеріңкі, жүздері жарқын. Олар болашаққа сенеді.

Біз осы жарқын істердің басында жүрген аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровқа шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

**Киевка № 2 орта мектебі нің ұжымы.**

# В поддержку Кандидата

Активистами районного общественного штаба в поддержку кандидата Н.А.Назарбаева в Президенты РК проведен семинар-тренинг для руководителей мобильных ффагитационных групп, волонтеров. Разработаны и осуществляются мероприятия сетевого графика.

С начала предвыборной кампании прошли собрания в поддержку выдвижения кандидата Н.А.Назарбаева в Президенты РК под лозунгом «Сильный лидер - сильная страна» в трудовых коллективах районного центра. В собрании коллектива районного медицинского объединения принял участие член общественного штаба Е.Ж.Туранов. Членом общественного штаба С.И.Меркуловым проведена встреча с педагогическим и ученическим коллективами филиала лицея №3. Член общественного штаба А.К.Есмагамбетова встретилась с учителями средних школ районного центра.

Начала свою работу общественная приемная , основными целями и задачами которой является проведение агитационной работы, а также работа среди населения по разъяснению выборного законодательства и по участию в выборах в голосовании- обеспечение явки избирателей.

Членами общественного штаба и активистами филиала в канун Международного женского дня 8 марта состоялся торжественный прием женщин. В субботу состоятся спортивные соревнованию по подледному лову.

**Собинф.**

**Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі**
**Қарағанды облысының Статистика департаменті**
**Нұра ауданының статистика басқармасы**

## Нұра ауданының 2011 жылғы қаңтардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы

2011 жылғы қаңтарда ауданның ірі және орта енеркәсіп кәсіпорындары 2471,1 млн. теңгеге өнім өндірді, бұл жалпы облыстық келемнің 2,6%-ын құрайды.Өткен жылғы қаңтарда 1778,1 млн, тенге

Ағымдағы жылғы қантарда тұтас аудан бойынша өндірілген ауыл шаруашылығы енімінің жалпы келемі 650,7 млн. теңгені құрады, өткен жылғы сәйкес қезеңмен салыстырғанда 3%-ға артты.

Тұтасымен обылыс бойынша жалпы келеміндегі ауданның үлесі 15,9%-ды құрады

Ңұра ауданында мал мен құстың барлық түрлерінің 1412,1 тонна еті өндірілді (102,1%), жалпы сауылған сүт 1462,2 тоннаны құрады (105,5%), жұмыртқа өндірісі – 236,2 мың дана (101,1%).

Бөлшек тауар айналымының жалпы көлемі 2011 жылғы қаңтарда 51,3 млн. теңге сомасында құралды және еткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 19,1%-ға артты.

Облыстық көлемдегі облыстық тауар айналымның үлесі ү.ж. қаңтарда 0,2%-ды құрады.

Жыл басынан бері аудан кәсіпорындарымен 70,8 млн. теңге негізгі капиталға салынған инвестициялар игерілді.

2010 жылғы желтоқсанда ірі және орта кәсіпорындарындағы, және кәсіпкерлік қызметпен шұғылданбайтын шағын кәсіпорындардағы жалдамалы қызметкерлер саны 7425 адамды құрады, бұл өткен жылғы сәйкес аймен салыстырғанда 4%-ға көп.

Бір қызметкердің атаулы орташа айлық еңбекақысы 2010 жылғы желтоқсанда 86811 теңгені құрады және 2009 жылғы тиісті аймен салыстырғанда 27,5%-ға көп.

Аудан халқының орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 2010 жылғы желтоқсанда 49308 теңге сомасында құралды, бұл 2009 жылғы желтоқсаннан 22,5%-ға артық. Нақты ақшалай табыстар 13,9%-ға есті.

Күнкөрістің ең теменгі деңгейінің шамасы халқының жан басына орта есеппен алғанда, 2011 жылғы қаңтарда 12432 теңгені құрады, бұл өткен жылғы желтоқсаннан 4,5%-ға артық

Нұра ауданында 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қарағанды облысының 1,9% халқы тұрды немесе 25358 адам.

# Әлемнің жарығын сыйладың сен маған



**Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуы мүмкін емес. Ана – бәрінен қымбат. Анаға деген махаббат сенің құндақта жатқан күніңнен басталады. Ананың жолы басқа. Ана деген сөздің өзі ыстық. Ананың мейірімі, ананың махаббаты, ананың тілегі тіл жетпес жатқан бір шалқар теңіз.**

Адамға жарық дүние сыйлаған ана махаббатының құдіретін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Адамзат мекен еткен Жер шарының әр түкпірінде, әр үйде мейірім мен мерейдің, достық пен туыстықтың, теңдік пен бостандықтың туын тіккен – Аналар. Сондықтан әр уақытта да жүректі толқытқан ойдың, игі тілектің, кейде қуаныштың, кейде реніштің ізін тек Ана жүзінен ғана айқын көруге болады.

**Аналар қай елде, қай жерде өмір сүрсе де, ортақ мақсат жолында – балаларының бақыты үшін, шат күлкісі, қуанышқа толы тұрмысы үшін күреседі. Ана болудың ауырлығы да аяулылығы да осында.**

Дүние қанша бүлінсе де ана тірі тұрғанда өмір қалпына келеді, гүлденеді, өркендейді.

Ананың адалдығы, әділдігі, мейірімділігі, ұлылығы ана барда өмірдің өшіп қалмайтынын дәлелдейді, соған көзінді жеткізеді.

***Айнымайтын айдай ақиқат сол: әлемдегі бар жақсылық күннің жылуынан, ананың ақ сүті мен ақ тілеуінен, өлшеусіз еңбегі мен қамқорлығынан бастау алады.***

***Елді ел етіп отырған, жұртты жұрт етіп отырған, мемлекетті мемлекет қылып отырған да осы аналар.***

**Отбасының құты, берекесі, ұйытқысы, ұйымдастырушысы, жарығы да жылуы да ана.**

**Елдің, халықтың, туыстықтың, достықтың елшісі де әйел – ана.**

Халқымызда үлкен парасатымен, ақылымен ел ісіне араласқан, халықтарды татулыққа, бірлікке үндеген, үлгілі іс пен сөз қалдырған «Әулие Аналар» аз емес. Домалақ Ананың, Айша-бибінің, Ұлпанның, Абайдың анасы Ұлжанның, Шоқанның әжесі Айғанымның есімдері бұған дәлел бола алады.

Халық қиялы әрі батыр, асыл жар, ақылды қазақ қыздарын эпос қаһармандарына теңеп, аңыз еткен. Жібек пен Баян, Құртқа мен Ақжүніс, Гүлбаршын мен Айман кейінгі ұрпақтың өнеге тұтар идеалына айналған. Біздің дәуірімізде батыр болып жауға аттанған Әлия мен Мәншүк, өнерімен халқын әлемге танытқан Дина мен Күләштің, еңбегімен ел құрметіне бөленген ғылым мен білім қайраткерлерінің есімдері бұл тізімді толықтыра түседі.

Ел Президентінің жүргізіп отырған саясаты ел тәуелсіздігін сақтау, ұлтаралық татулықты нығайту, түптеп келгенде, еліміздің болашағы үшін ұрпағымыздың өсіп-өнуі жолында жасалып жатқан шаралар - әр ананың көкейіндегі арманы екені барлығымызға түсінікті деп есептеймін.

Ел Президентінің жүргізіп отырған саясаты ел тәуелсіздігін сақтау, ұлтаралық татулықты нығайту, түптеп келгенде, еліміздің болашағы үшін ұрпағымыздың өсіп-өнуі жолында жасалып жатқан шаралар - әр ананың көкейіндегі арманы екені барлығымызға түсінікті деп есептеймін.

Әйелдер мейрамы біздер үшін барлық мерекенің ішіндегі қуаныштысы да қызықтысы. Барша адамзат көктем күнімен күліп келетін 8 Наурыз мерекесін қуана қарсы алып, өз аналарына жүрекжарды сөздерін айтуға асығады.

Мен де осы көрікті мереке қарсаңында барлық аналарды, ауданымыздың әйелдер қауымын халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын.

**Бикен САҒЫМБЕКҚЫЗЫ.**

## Предприимчивая БИЗНЕС-ЛЕДИ



**Президентом страны Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым огромное внимание уделяется развитию предпринимательства. В новом Послании народу Казахстана «Построим будущее вместе!» Глава государства особо подчеркнул, что он сторонник принципа «сильный бизнес – сильное государство».**

Такие личностные черты как предприимчивость, смелость, целеустремленность, развитая интуиция, перспективное мышление, стремление бороться и побеждать, потребность в самоактуализации и общественном признании, преобладание мотива достижения над мотивом избегания неудачи, неиссякаемая энергия, оптимизм, вера в успех, желание быть хозяином своей судьбы, стремление изменить принцип «работать, чтобы жить» на «жить, чтобы работать» позволили Елене Михайловне Охинько открыть в п. Киевка Нуринского района собственное любимое дело и получать от этого удовольствие. Чтобы стать успешным бизнесменом, можно купить готовый бизнес, а можно начать «с нуля». Именно первый вариант и послужил началом истории предпринимательской деятельности Елены Михайловны, выпускницы экономического факультета Новосибирского Университета, имеющей за плечами десятилетний опыт работы бухгалтера в районной больнице. Глубокие знания, полученные в стенах этого знаменитого ВУЗа, позволили ей грамотно вести бизнес.

- Здесь уже был продуктовый отдел, который находился в плачевном состоянии. Но я чувствовала, что если здесь поработать, то все получится, - рассказывает владелица магазина «Каратал» Елена Михайловна Охинько, выкупившая бизнес в 2004 году.

С тех пор магазин «Каратал» заметно преобразился. Сегодня это не только магазин пищевых продуктов. В связи с произведенной реконструкцией здания, начатой еще в прошлом году, был создан отдел «Все для дома», где вниманию покупателей предложен огромный ассортимент самой различной продукции по привлекательным ценам – бытовая техника, посуда, моющие средства, парфюмерия, косметическая продукция, канцелярские товары, детские игрушки и даже «живые» декоративноцветущие растения. Кроме того, полностью было обновлено торговое оборудование – витрины, холодильники.

- Мы планируем также и второй этаж открыть. Хочу создать отдел, специализирующийся на продаже спортивных товаров, – одежды, обуви, спортинвентаря, различных аксессуаров и иных предметов спортивного направления, - поделилась планами индивидуальный предприниматель.

Спортивный образ жизни, активно пропагандируемый последнее время, прочно засел в сознание современного человека. Люди стремятся вести активный отдых, заниматься спортом, поддерживать свою спортивную форму и, тем самым, свой имидж современного человека. В связи с популяризацией спорта и огромным желанием людей быть здоровыми и активными, открытие спортивного отдела у нас в поселке было бы просто замечательным.

Елена Михайловна всегда принимает участие в различных мероприятиях и акциях. Отличительными чертами бизнес-леди являются творчество, новаторство и инициативность.

Быть предпринимателем не просто, но Елена Михайловна Охинько считает, что в бизнесе, как и в спорте, побеждает не только сильный, но и настойчивый.

**Виктория ГРИЦОВА**

# Дарите женщинам цветы!



Наши женщины, как сто и двести лет назад, олицетворяют собой любовь, материнство, нежность и одновременно силу и стойкость в житейских невзгодах. Современники искренне признают: большинство наших женщин – красавицы, умницы, добытчицы, хранительницы очага, а порой и кормилицы семьи.

Современным словом «гендер» мы стремимся объяснить себе и миру, что наши женщины наравне с представителями сильного пола делают бизнес, преуспевают в политике, гармонично сочетая заботы о семье с работой. Примеров того, как может реализовать себя женщина в Казахстане, очень много и в нашем районе, о некоторых из них мы вам расскажем.

## Женщина с добрыми глазами и милой улыбкой



Ей приветливо кивают бегущие в школу ученики, о чем-то спрашивают взрослые. Она никого не оставит без внимания и успеет полюбоваться наступающей весной, насладиться ее запахами и радостным шумом, чтобы, зайдя в школу, всем певуче сказать: «Доброе утро!». Это о ней, о Татьяне Анатольевне Гаевской, мы сегодня рассказываем вам.

Прекрасная женщина с добрыми глазами и милой улыбкой на устах, интересная в общении и необыкновенно талантливая. Когда долго общаешься с человеком, то все в нем кажется обыденным, таким, как и у всех. Этого не скажешь о Татьяне Анатольевне. Она – человек «с изюминкой». Она «горит» на работе и требует этого от других, поэтому коллегам ее требования иногда кажутся невыполнимыми.

Неустанный творческий поиск – стиль ее работы. Татьяна Анатольевна преподает географию и является заместителем директора по воспитательной работе Заречной СШ. Она стремится реализовать потенциал, заложенный в учащихся в учебной и воспитательной работе. Широта ее интересов, истинная увлеченность предметом раскрывают перед учениками прекрасный мир знаний. Информационные технологии, которые использует Татьяна Анатольевна в обучении и воспитании, дают учащимся возможность усвоить учебный материал, проявить свои способности, помогают научиться познавать себя, научиться жить вместе, научиться работать, научиться жить в ладу с самим собой. Замечательный педагог А.Дистервег сказал: «Плохой учитель преподносит истину, хороший – учить ее находить». Татьяна Анатольевна – хороший учитель, так как ее любят и боготворят не только сегодняшние ученики, но и бывшие – ее выпускники. Они звонят, пишут, приезжают. А как же иначе? Разве можно забыть интересные школьные вечера, неповторимые интеллектуальные игры, прекрасные путешествия по Казахстану, искрометные украинские танцы. Татьяна Анатольевна является руководителем Украинского национального центра, в который она вдохнула душу. Она родилась и выросла на Украине, поэтому хорошо знает культуру, традиции и обычаи своего народа.

Татьяна Анатольевна - умный учитель, хороший воспитатель и добрая мама двоих замечательных детей, Юлии и Виктора. Юлия – студентка университета, Витя – ученик 6 класса школы «Дарын» г. Караганды. Татьяна Анатольевна – нежная и любящая жена, гостеприимная и трудолюбивая хозяйка, сильная и мужественная женщина, готовая в трудную минуту прийти на помощь. Людям нужен свет любви. И она дарит его им. Она – всегда загадка, всегда – тайна. И каждая встреча с ней – открытие.

Очень трудно найти слова, чтобы охарактеризовать эту удивительную женщину – мать, жену, учителя, человека.

И сегодня нам очень хочется низко поклониться и сказать «Да светится имя ТВОЕ!» маме Татьяны Анатольевны, Лидии Васильевне, которая подарила нам такого замечательного человека.

**Педагогический коллектив Заречной СШ**

## Воплотившая мечту в жизнь



Ее душа открыта для всех. Она живет заботами своих пациентов. Безмерно любит медицину и предана своей профессии, честно служит ей, а через нее – родному Отечеству, своему народу.

На вопрос, почему Вы выбрали профессию врача, а именно педиатра, заместитель директора по лечебной работе КГКП ЦРБ Нуринского района Зинат Байбековна Балтабаева не раздумывая ответила: «Люблю детей».

- У меня был выбор: санитарный врач, стоматолог или педиатр. Я выбрала педиатрию, потому что она ближе к клинической деятельности. Клиническая специальность. Люблю детей. Папа – врач. Я хотела быть врачом, и я им стала. Воплотила свою мечту в жизнь. В течение трех лет после окончания школы у меня было время задуматься о выборе будущей профессии, и была возможность поступить в какой-нибудь другой институт, например, в педагогический, но я поступила в медицинский, потому что с детства мечтала быть врачом. **Тяга, наверное, наследственная - от папы передалась, - рассказывает Зинат Байбековна.**

В Центральной районной больнице Зинат Байбековна работает уже двадцать лет. За время работы показала себя как опытный специалист, проявляющий настойчивость в повышении квалификации, улучшении качества оказания квалифицированной медицинской помощи. Отличается выдержанностью, корректностью, принципиальностью и требовательностью к коллегам, среднему и младшему персоналу, чуткостью и внимательностью к больным и родственникам.

Родилась Зинат Байбековна в поселке Киевка. Успешно окончила Киевскую среднюю школу № 3. В школьные годы проявила тягу к языкам, увлекалась изучением немецкого языка. После окончания школы три года проработала санитаркой в операционном блоке районной больницы. В 1984 году поступила на рабочий факультет по специальности «Педиатрия» в Карагандинский государственный медицинский институт. После шести лет упорной учебы, года интернатуры ОДБ в г.Караганде по педиатрии с дипломом вернулась в районный центр.

С тех самых пор, с 1991 года, работала в должности педиатра на участке в стационаре детского отделения, в 1994 году назначена заместителем главного врача по организации детства и материнства, с 2000 года – районный педиатр, 2009 год – была участковым врачом 2-ого участка, с мая 2010 года – назначена на должность заместителя директора по лечебной работе. Кроме того, по совместительству до 2010 года работала неонатологом в родильном отделении.

Каждые полгода Зинат Байбековна повышает свою квалификацию. Так, к примеру, в 1995 году проходила тематическое усовершенствование в г. Алматы КазГИУВ по теме специализации «Актуальные вопросы педиатрии с вопросами нефрологии»; 2000 год – КГМА «Неотложная помощь в патологии новорожденных и детей раннего возраста»; 2004 год – АГИУВ «Реанимация и интенсивная терапия неотложных состояний в неонтологии»; 2006 год – «Современные проблемы педиатрии».

Любимая профессия всегда занимала и занимает особое место в жизни Зинат Байбековны. Пусть любимое дело и впредь приносит ей удовольствие и вдохновляет на новые успехи!

**Виктория ГРИЦОВА**

# ҚАЙРАТТЫҢ ХАТЫ

Қайрат Рысқұлбеков! 1986 жылғы Желтоқсан қаһарманы ол. Арыстан жүректі арыс әуелі ату жазасына кесілді. Кейін шет мемлекеттердің наразылығынан сескеніп, Кеңес соты ату жазасын 20 жылға бас бостандығынан айырумен алмастырды. Сөйтсек, бұл тоталитарлық жүйенің сырт көзді алдарқатқан сайқал саясаты екен. Ақыры олар жарты жылға жеткізбей, Семей түрмесінде қанішер қарақшының арам қолымен Қайраттай есіл ерді өлтіріп тынды. «Сотталған Қайрат Рысқұлбеков түрме камерасында өзін өзі өлтірді» деген мәлімдеме таратты. Неткен аярлық, неткен қитұрқылық!

Сол қайсар Қайрат Алматының түрмесінде тергеліп, жалғыз кісілік камерада отырған шағында есебін тауып, түрмедегі қазақтың қыздары мен әйелдеріне бір жапырақ қағазға жас жүрегін жарып шыққан сәлем хат беріп жіберген екен! Бұл жағдай қалай болды? Оның абақтыдан жолдаған аманат хаты бүгінгі күнге қалай жетті? Енді осы сауалдарға жауап берелік.

Сол желтоқсан оқиғасының жүздеген жазықсыз құрбандарының бірі болып алматылық Балта Исаұлы деген азамат та 6 жылға бас бостандығынан айырылыпты.

- Алматы қаласындағы Сейфуллин мен Райымбек даңғылдарының қиылысындағы
түрмеде шаруашылық жұмыстарына қалдырылдым. Міндетім – күн сайын еден жуу, камерада отырған адамдарға түрме быламығын тасу,- деп еске алыпты ол жазасын өтеп шыққаннан кейін. –Түрменің астыңғы қабатындағы бір кісілік жеке камераларда ату жазасына кесілгендер үкім жоғары жақтан бекітілгенше немесе жазаның басқа түріне ауыстырылғанша отырады екен. Мен Қайрат бауырымды осы қорқынышты камералардың бірінен көрдім.

Оқиға былай болған. 1988 жылдың наурыз айының басында түрме әкімшілігі Балта исаұлын астыңғы қабаттағы бір адамдақ камерада отырғандарға тамақ тасуға, сол қабаттың ұзын дәлізінің еденін жууға ауыстырады. «Жасы келіп қалған адам ғой, камерада отырғандармен байланыс жасай қоймас», деп ойлаған болса керек. Бір күні Қайраттың камерасындағы темір есіктің кішкентай ғана тесігінен түрменің быламық көжесін ұсына берген Балта ағасының қолына есіл ер қарауыл салдаттарға байқатпай шиыршықталған қағазды қыстырып жіберіпті.

- Аға! – деп қалған дауысын естиді ол Қайраттың. Бірақ қарауыл солдат алақандай тесікті жедел жауып тастап, оның әрі қарай сөйлеуіне мүмкіндік бермепті.

- Қайраттың алақаныма қыстырып жіберген қағазын қапысын тауып, ешкімге
сездірместен түрме асханасының ыдыс-аяқ жуатын кішкене қуысына алып келдім. Ашып қарасам, жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» кітабының соңғы парағын жыртып алып, соған жазған екен. Қайрат бұл хатын түрмеде отырған қазақтың қыз-келіншектеріне арнапты. Өйткені, дәл сол күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні еді.

Түрмеде желтоқсан оқиғасына байланысты айыпталған қазақтың көптеген қыздары мен келіншектері де қамауда жатқан болатын. Бірақ, олар басқа корпус ғимаратында еді. Онда да шаруашылық жұмыстарына қалдырылған сотталған әйелдер бар. Сол себепті бұл ғимаратқа бөгде еркек адамның жақындауы, біреудің сәлем-сауқатын беріп жіберуі әсте мүмкін емес болатын. Мен де сол себептен Қайраттың осы сәлем хатын түрмедегі қазақтың қыз-келіншектеріне жеткізіп бере алмадым. Бірақ оны бойтұмарымдай аман сақтап, бостандыққа өзіммен бірге ала шықтым ,- деп еске алады кейін Балта Исаұлы.

Бұл ағамыз үлкен азаматтық жасаған! Қайраттың сәлем хатын кезінде түрмедегі қыз-келіншектерге жеткізіп бере алмағанымен, оны көзінің қарашығындай сақтап, бүгінгі күнге жеткізгені үлкен ерлік емес пе?

Желтоқсанның сол бір даңқты күндерінде алаңға атойлап шыққан жастардың жартысынан астамы қазақтың қыз-келіншектері болғанын бүгінде зерттеушілер айтып жүр. Әрине, Қайраттың бұл құттықтау хаты тар қапаста тарыққан сол қыз-келіншектерге дер кезінде жетсе, олардың құлазыған көңіл-күйлері бір сәтке болса да көтеріліп қалатындары анық еді. Бірақ, онда бұл хат бүгінгі күнге жетер ме еді, жетпес пе еді? Жеткен күннің өзінде осы хатты оқыған қыз-келіншектердің қайсыбіреулері; - Сол қиын-қыстау шақта ату жазасына кесілген қазақтың бір жігітінен көңілімізді көтерген хат алып едік,- деп орталарында ана-санда ғана бір еске алар. Ал Қайрат боздақтың сол хатын тайға басқан таңбадай етіп, жарқырата алдымызға тартқан Балта Исаұлына бүгінгі және келешек ұрпақ қарыздар.

Енді елім деп еңіреп еткен есіл ердің түрмеден жолдаған сәлем хатына назар аударалық. Онда кітап парағының таза жағына маржандай жазуларымен қиғаштай жазып, Қайрат бауырымыз былай депті:

***Құрметті қаракөз қарындастар мен жылы жүзді жеңгейлер!***

***Шын жүрек, ақ көңіліммен алғашқы көктемнің күлімдеген мерекесі 8 март – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!***

***Қамқоршы қайын және ағаларың,***
***Жәрдем берер жағаларың.***
***Қыздар үшін тар қапасқа,***
***Келіп түскен тұлпарларың.***

***Қайрат Рысқұлбеков Ноғайбайұлы.***
***13.03. 1986 ж.***
***ст. 60, 65, 173-1***
***срок – ату жазасы***
***08.03.1988ж.***
***Бывший ст-т ААСИ г№12***
***А-Ата. Сын Моюнкума Джамб. обл.***

Осылай деген де, астына әдемілеп тұрып қолын қойған. Міне, Қайрат ердің қапас түрмеден қазақ қыздарына жолдаған сәлем хаты осы!

Ол осы хатын асығып жазғаны көзге бірден-ақ байқалып тұр. Көңіліндегі аппақ тілегін тар қапастың ішінде аласұрып, кітаптан жыртып алынған ақ парақ бетіне түсіріп отырған сәтінде сөздердің ретін сәл шатастырып алған. 60, 65, 173-1 дегендері – Қайрат батырдың мойнына кеңестік соттың іліп қойған кодекс баптары. «Срок – ату жазасы» дегеніне қарағанда, бұл кезде соттың үкімі шығарылып та қойған сияқты. Алайда, аталған жаза 20 жыл бас еркінен айыруға айырбасталғанынан ол әлі хабарсыз екен. Әлде сол уақытқа дейін мұны Қайратқа жасырып айтпай келген бе?

«Бывший ст-т ААСИ» дегені - өзінің темір торға түскенге дейін Алматы сәулет-құрылыс институтының студенті болғанын айтқаны. «Сын Моюнкума» деп жазғаны – кіндік қаны тамған туған жері Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының перзенті екендігін айтқандағысы ғой.

Неткен биік рух! Қандай қайтпас қайсарлық!

Өзі ату жазасына кесілген, үкімнің қашан орындаларын әр сәт сайын беймаза көңілмен күтіп жүрген боздақ Қайраттар қапаста тұңшығып отырса да тас қабырғаның ішінде жабырқап жатқан «қаракөз қарындастары мен жылы жүзді жеңгейлерін» ойлап, бір-екі ауыз жылы сезімен болса да солардың көңілін көтеруді ойлапты-ау сабаз!

Ойлап қараңызшы, сол кезде Қайрат боздақ небәрі 22 жаста екен. Сөздің шындығы керек, ердің ерінің ғана қолынан келетін тірлік қой бұл дегеніңіз.

Неге дейсіз ғой?

Өзі жалғыз кісілік камерада отырған болатын. Өзі ату жазасына кесілген! Сол үкімнің қашан орындаларын күтіп, есіктің әрбір сықырынан секем алып отырған еді ғой. Артында қалың елі, әлпештеп өсірген әкесі мен шешесі, аяулы бауырлары қалып бара жатқан болатын.

Сейтіп отырып, қаракөз қарындастарына қанатымен су сепкен қарлығаш құс секілді бір ауыз жылы сөзімен дем беруді ойлаған батыр боздақ-ай! Неткен қайтпас қайсар едің! Жүрегін неткен үлкен еді!

Сен жалғыз ғана Мойынқұмның ұлы емес, барша қазақтың ардақты батыр перзентісің, Қайрат бауырым! Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – сенің тойың!

Өлген жоқсың, ер Қайрат!

Өзіңнің қыран рухың туған еліңнің көгінде қалықтап жүр. Ол халқыңнңмен бірге мәңгі жасай береді!

... Қайрат батырдың тар қапаста жатып, қазақтың қанаттары қайырылған қаракез қыз-келіншектеріне жолдаған сәлем хатын жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романының соңғы парағына жазуының өзінде ғажап бір символикалық сыр бар сияқты көрінеді маған.

Қазақ халқының даңқты хандары мен біртуар батырларының, аузымен құс тістеген кемеңгер билерінің ерлік шежіресі іспетті осы тамаша тарихи романның соңғы парағына түрмеде жазылған үшбу хат айбынды бабалар жолын жалғаған Қайрат Рысқұлбеков сияқты бүгінгі қазақ жастарының да ерлік эпопеясының басы десек, асыра айтқандық болмас...

**Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,**
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
ҚАРАҒАНДЫ

# Жолдау - жасампаздық жолбасшысы

## *Аудандағы жарқын істер*

Біз жыл сайын Елбасы Жолдауын үлкен үмітпен күтеміз. Елбасының әр жылғы Жолдауларына мұқият үңілсек, сол уақыттардағы халықтың көкейінде жүрген көптеген өміршең сұрақтарға жауап ала аламыз.

Білім саласы – аса маңызды кезек күттірмейтін сала, өйткені еліміздің болашағы келер ұрпақ сапасы мен біліміне тікелей байланысты екені даусыз. Бұл ретте Елбасының республикамызда жаңа оқу орындарын ашамыз дегені, қазіргі жоғарғы оқу орындарының білім беру сапасының дүние жүзілік стандартқа сай болуына, интеллектуалды мектептер ашылуына назар аударғаны – көпшілікті қуантар жай.

Барлық салаларда жақсы нәтижеге жету үшін, инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану керектігі, 2015 жылға дейін жаңа инновациялық жүйе қалыптастырылуы керектігі туралы айтылды. Болашақ негізін қалаушы – ұстаз. Жаңа үрдістегі білім беру жүйесін қалыптастырып, Елбасының алға қойған мақсаттарын жүзеге асыратын да ұстаз. Барша мұғалім қауымын қуантқан жағдай – шілде айынан бастап еңбек ақының 30 пайызға кетерілуі де Елбасымыздың білім саласына ерекше қамқорлығының бір көрінісі.

Осы мәселелер бойынша жұмыстар аудан көлемінде де іске асырылып, ондағы оң өзгерістерді нұралықтар күн сайын сезінуде. Бұл ретте Жол картасы бойынша қыруар жұмыстар атқарылып жатқандығын айта кету керек. Мәселен, біз Киевка №2 қазақ орта мектебіне Жол картасы бойынша жөндеу жұмыстары 2009 жылы – 18 млн-ға, 2010 жылы – 4 млн-ға, 2011 жылы -6 млн-ға жүргізілді.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандарға баспана беру мәселесі де он шешімін табуда, мәселен биылғы жылы мектебіміздің 3 жас мұғалімі жаңа пәтерлердің кілтін алды.

Ұстаздар жұмысын ынталандыруға да ауданымызда көп көңіл бөлінуде. Бұл ретте Ұлттық Бірыңғай тестілеу қорытындысы бойынша 100 % білім сапасын көрсеткен ұстаздарға 100 000 теңге көлемінде аудан әкімінің сыйақысын беру дәстүрге айналды.

Елбасы Жолдауында 2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50 пайызы электронды оқытуды жүзеге асыратындығы туралы айтылса, бұл ретте біздің ауданымызда да мектептердің компьютермен, интерактивті тақталар мен, пән кабинеттерімен жабдықталуы жыл сайын артып келе жатқандығын айта кетуге болады.

Көп балалы және жағдайсыз отбасылардың балаларын ыстық тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету мәселесі де жүйелі жолға қойылған.

Елді мекендер, аудан орталығы Киевка кенті күннен-күнге абаттанып, көркейіп, гүлденіп келеді. Осымен бірге аудан халқының да көңілдері кетеріңкі, жүздері жарқын. Олар болашаққа сенеді.

Біз осы жарқын істердің басында жүрген аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровқа шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

**Киевка № 2 орта мектебі нің ұжымы.**

# В поддержку Кандидата

Активистами районного общественного штаба в поддержку кандидата Н.А.Назарбаева в Президенты РК проведен семинар-тренинг для руководителей мобильных ффагитационных групп, волонтеров. Разработаны и осуществляются мероприятия сетевого графика.

С начала предвыборной кампании прошли собрания в поддержку выдвижения кандидата Н.А.Назарбаева в Президенты РК под лозунгом «Сильный лидер - сильная страна» в трудовых коллективах районного центра. В собрании коллектива районного медицинского объединения принял участие член общественного штаба Е.Ж.Туранов. Членом общественного штаба С.И.Меркуловым проведена встреча с педагогическим и ученическим коллективами филиала лицея №3. Член общественного штаба А.К.Есмагамбетова встретилась с учителями средних школ районного центра.

Начала свою работу общественная приемная , основными целями и задачами которой является проведение агитационной работы, а также работа среди населения по разъяснению выборного законодательства и по участию в выборах в голосовании- обеспечение явки избирателей.

Членами общественного штаба и активистами филиала в канун Международного женского дня 8 марта состоялся торжественный прием женщин. В субботу состоятся спортивные соревнованию по подледному лову.

**Собинф.**

**Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі**
**Қарағанды облысының Статистика департаменті**
**Нұра ауданының статистика басқармасы**

## Нұра ауданының 2011 жылғы қаңтардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы

2011 жылғы қаңтарда ауданның ірі және орта енеркәсіп кәсіпорындары 2471,1 млн. теңгеге өнім ендірді, бұл жалпы облыстық келемнің 2,6%-ын құрайды.Өткен жылғы қаңтарда 1778,1 млн, тенге

Ағымдағы жылғы қантарда тұтас аудан бойынша өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 650,7 млн. теңгені құрады, еткен жылғы сәйкес қезеңмен салыстырғанда 3%-ға артты.

Тұтасымен обылыс бойынша жалпы көлеміндегі ауданның үлесі 15,9%-ды құрады

Нұра ауданында мал мен құстың барлық түрлерінің 1412,1 тонна еті өндірілді (102,1%), жалпы сауылған сүт 1462,2 тонналы құрады (105,5%), жұмыртқа ендірісі – 236,2 мың дана (101,1%).

Бөлшек тауар айналымының жалпы көлемі 2011 жылғы қаңтарда 51,3 млн. теңге сомасында құралды және өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 19,1%-ға артты.

Облыстық көлемдегі облыстық тауар айналымның үлесі ү.ж. қаңтарда 0,2%-ды құрады.

Жыл басынан бері аудан кәсіпорындарымен 70,8 млн. теңге негізгі капиталға салынған инвестициялар игерілді.

2010 жылғы желтоқсанда ірі және орта кәсіпорындарындағы, және кәсіпкерлік қызметпен шұғылданбайтын шағын кәсіпорындардағы жалдамалы қызметкерлер саны 7425 адамды құрады, бұл өткен жылғы сәйкес аймен салыстырғанда 4%-ға көп.

Бір қызметкердің атаулы орташа айлық еңбекақысы 2010 жылғы желтоқсанда 86811 теңгені құрады және 2009 жылғы тиісті аймен салыстырғанда 27,5%-ға көп.

Аудан халқының орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 2010 жылғы желтоқсанда 49308 теңге сомасында құралды, бұл 2009 жылғы желтоқсаннан 22,5%-ға артық. Нақты ақшалай табыстар 13,9%-ға есті.

Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы халқының жан басына орта есеппен алғанда, 2011 жылғы қаңтарда 12432 теңгені құрады, бұл өткен жылғы желтоқсаннан 4,5%-ға артық

Нұра ауданында 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қарағанды облысының 1,9% халқы тұрды немесе 25358 адам.

Информирует юстиция

## Основные направления развития охраны прав интеллектуальной собственности

Система охраны интеллектуальной собственности стала в настоящее время неотъемлемой частью национальной инфраструктуры. Имеются все основания полагать, что двадцать первый век станет эрой интеллектуальной экономики, в развитии которой ключевую роль будет иметь творческая деятельность и надежная система ее правовой охраны. Государственная политика в области охраны прав интеллектуальной собственности является связующим звеном между созданием произведений, других результатов интеллектуальной деятельности и их использованием в новейших объектах техники и технологий.

Эффективное функционирование системы прав интеллектуальной собственности должно стать одним из приоритетных направлений деятельности государственных органов и проводиться на основе ясно сформулированной национальной политики государства в данной сфере. В настоящее время на территории Республики Казахстан получает распространение контрафактная продукция, которая главным образом поступает из-за рубежа. Однако меры по предотвращению поступления и распространения такой продукции, а так же меры по защите прав интеллектуальной собственности в Республике Казахстан недостаточно эффективны, в связи с чем требуется принятие более жестких мер со стороны государства. Принятие их будет способствовать формированию позитивного имиджа республики Казахстан в мировом сообществе, как государства, обеспечивающего защиту прав интеллектуальной собственности.

В данное время уже создана система государственных органов, которые должны обеспечивать охрану прав интеллектуальной собственности. Однако для эффективной реализации этой работы представляется необходимым более тесное взаимодействие всех государственных органов и иных организаций. Важным этапом в обеспечении охраны прав интеллектуальной собственности также явилось принятие Уголовного кодекса и Кодекса об административных правонарушениях, которые предусматривают ответственность за преступления и правонарушения, связанные с правами интеллектуальной собственности. Во многом эффективность системы охраны прав интеллектуальной собственности зависит от быстрого и квалифицированного рассмотрения судами и уполномоченными органами дел связанных с нарушением указанных прав. При этом основной задачей является совершенствование правоприменительной практики предупреждения, выявления и пресечения правонарушений в области интеллектуальной собственности. Поэтому основной задачей является совершенствование борьбы с правонарушениями в сфере интеллектуальной собственности так же предполагает необходимость в специалистах новой формации. Подготовка, обучение и переподготовка кадров также является важной задачей.

**С. Ашимов ,**
**ведущий специалист**
**Управления юстиции Нуринского района**

Жас талап

## САЙРА, БҰЛБҰЛ!

Барлық білім ошақтарындағыдай біздің мектебімізде де тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналып, Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы аясында жүргізілуде.

Республикалық «Айгөлек» балалар ән байқауының үлгісімен «Нұр Отан» ХДП-ның аудандық филиалы демеушілік етуімен өткізілген «Бұлбұл» көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысушылардың жарысы осындай іс-шараның бірі болды. «Сайра, бұлбұл» деген тақырыппен өткен байқауды ұйымдастырып, дайындаған ән-күй сабағынан дәріс беретін ұстаз Аужанова Кенже Сүйенбайқызы.

Мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған бәсеке үш топ бойынша өтті.
Жас ерекшелігіне қарай кіші топ: 4 жастан 6 жасқа дейін.
Ортаншы топ: 7 жастан 9 жасқа дейін.
Жоғарғы топ: 10 жастан 12 жасқа дейін.

Байқау терелігіне төменгі құрамда қазылар алқасы сайланды: алқаның терайымы Шамилхан Нұржан. Мүшелері: Каримова Раушан Каримовна, Жанкуатова Күлпаш Даукесовна, Калменова Жанель, Айболат Толқын.

Көрермендер ықыласына бөленіп, әннен шашу шашқан Төлеген Айғаным, Тұрғынбай Даяна, Әшімханова Айжан, Орынтай Айдана, Мажит Камила, Нұрланова Жанбота, Шеруова Нұрәсем, Шәріп Сұлтанмахмұт, Амангелдиева Аяулым, Бейсембекова Жансая, Ахметова Айна, Амангелдиев Ерслан, Қасымов Еркін, Ахметова Айгерім, Шеруова Еркежан, Дюсенова Камила, Картаев Темірлан, Қасымова Тамирис, Ескенова Зарина, Орынбекова Диана, Қалиева Аружан, Володя Айгерім өнерлерін ерекше атап етуге болады.

Бишілер тобының өнеріне де кепшілік риза болды. Олар: Мансур Темирлан, Узбаева Балжан, Хуат Күміс, самат Кенжегүл, Күйкешова Ақбота, Жакупова Жұлдыз.

Әділ қазылар шешімімен I,II,III орынды жеңіп алған өнерпаздар да, барлық басқа да байқауға қатысқан оқушылар мақтау грамоталарымен марапатталып, сыйлықтар алды.

Мектеп сахнасында ұлттық рухты, рухани байлықты көтеруге бағытталған сыршыл ойларға толы ән шырқалды. Әрине, бұл жақсы бастама ғана. Балалардың ән орындау өнерін шыңдай түсу үшін әлі де көп еңбек керек. Бұл іс-шараның нәтижелі жалғасы болуға тиісті.

Биылғы жыл қазақ халқының мәдениеті мен өнерін асқақтатқан өнер және мәдениет қайраткерлерінің мерейтойларына толы. Музыка әлемі тарландарына арнап кештер, ертеңгіліктер өткізу де жоспарымызда бар.

Қазақ музыка енерін дамытуға үлес қосып, оны әлемге танытқан талант иелерінің өмір жолы, шығармашылығы кейінгі ұрпаққа, сөз жоқ, үлгі-енеге.

**Б.Оразова .**
**Киевка №2 қазақ орта мектебінің**
**тәрбие ісінің меңгерушісі**

## АЛҒЫС ХАТ

**Ақ халатты жандарға арналады**

Мен, зейнеткер Мейірхан Айтжанұлы, денсаулығыма байланысты 2011 жылдың қаңтар айында ауруханада емделіп жатып шықтым.. Сонда байқағаным, өткен жылда аурухана ғимараты күрделі жендеуден өтіпті. Іші жылы, жарық, әрі таза. Осы істердің дұрыс атқарылуына ұжымға басшылық етіп отырған бас дәрігер Мұқышева Бақтығүл Қабылхамитқызының және барлық қызметкерлер мен жұмысшыларының да үлесі бар деп есептеймін. Өзім және емделушілердің атынан келешекте атқарылатын жұмыстарға сәттілік тілей отырып, тағыда айтарым емшараларын, өздерінің міндеттерін білікті маман ретінде еңбек етіп жүрген терапевт дәрігерлер: Қадыров Әсет, Зинченко Елена Ивановна, Оңғарбаева Әлия Серікқызына емделушілер атынан алғысымызды білдіремін. Дәрігерлердің нұсқауларын өз тиісті мәнінде орындап қызмет етіп жүрген медбикелер: Ахметова Майра Қадырқызына, Аринова Алмагүлге, Абдрахманова Жанарға, маман Қайымова Сая Саруарқызына, Шілдебаева Айгүл, Бекбатырова Сәулеге еңбектеріне табыс , өздеріне зор денсаулық тілейміз.

«Емдерін қабыл етсін шипажайдың,
Ауырып қалсақ, емделуге бізден дайын.
Дәрігерлердің айтқандарын толық орындап,
Еңбектерін жоғары бағалаймыз «ақ халатты жандардың»

**Алғыс өтінушілер атынан қарт-ұстаз**
**Мейірхан Айтжанұлы,**
**Киевка кенті**

Мәдениет

## Кітап - өмір ұстазы

«Кітап- өмір ұстазы» - атты кешті Пржевальский орта мектебінде мектеп кітапханашы мен қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Үсенова Әсем Оразалықызының көмегімен кітап тарихы туралы 8 қазақ сыныптың оқушылары ауызша журналдың қызықты әңгімелерін әр оқушы мәнерлеп – кітап тарихы 3 оқушы айтып берді.

Самет Жанаргүл алғашқы кітап осыдан әлденеше мыңдаған жылдар бұрын вавилондықтар, ассириялар, тағы басқа кене халықтар жасаған тарихын айтып берді.



Біздің заманымыздың екінші ғасырында – кітап сөздерін тасқа қашап жасағанын, қамыс тәрізді өсімдіктің жапырағын нығыздап, бір-біріне желімдеп соған жазған. Ондай кітаптардың ұзындығы метрге жеткенін – Балапан Асылхан айтып берді.

Ал Пергам патшалығында кітап жазуға арналған тағы бір материал дүниеге келгенін, ал пергам деп аталып, жануарлардың терісінен әзірлеген, сейте-сейте 13 ғасырда Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз пайда болғанын -8 сынып оқушысы Болат Райхангүл айтып берді.

Кітап рухани қазына, өмір айнасы, тарихи шежіресі, оқу тәрбие құралы екенін өздерінен кіші 5-7 сыныпқа Қонысов Саят айтып берді.

Ал кітап туралы не белеміз? – деп қойған Әсем Оразалықызының сұрағына: «Кітап – білім бұлағы! Кітап даналардың данасы «Оған жететін бірде –бір құндалық жоқ екенін және жер жүзіндегі ең үлкен энциклопедия Суретті евроамерикандық әмбебап энциклопедия басылымы 105 мың беттен тұрады, 1983 жылдын тамызында энциклопедияның 104 томы жарық көргенін бізге 8 сынып оқушысы – Тлейхан Айтжан айтып берді.

«Білімнің көзі кітапта» - атты мақал-мәтелдермен ғұламалар айтқан нақыл сөз жарысын ұйымдастырдық. Оқушылар бір-бірімен мақал-мәтел немесе сөз жарысы 5-8 сынып аралығында өтті. Осы жарыс ете қызықты өтті. 5-сынып оқушысы Хабылбек Мұбарақ үлгілі оқушы екенін дәлелдеді. 7-сынып оқушылары Түсіпова Гүлзат және Балапан Айжан деген мектеп мақтанышы, үлгілі оқушылар білімін көрсетті. «Оқымасаң ой тоқырайды» демекші, өз білімдерің үздік оқитын 8 сынып оқушылары Самет Жанерке, Түсіпова Райхан, Бопышева Ажар, Болат Райхангүл, Балапан Асылхан, Қонысов Саят, Мұхтар Қайрат, Тлейхан Айтжан өте көп оқитынын мақал-мәтелдер мен ғұламалар айтқан нақыл сездер жарысында бірінші орынға ие болып құрмет грамотасымен бірге сыйлықтарға ие болды.

«Кітап – біздің досымыз ғана емес, мәңгілік тұрақты серігіміз» - дей отырып осы сайыста 2 орынға ие болған 5 сынып оқушылары құрмет грамотасы және сыйлықтармен марапатталды. «Кітап қасиеті – мәңгілік» - мақал-мәтел жарысында 7 сынып оқушылары да жүлдесіз қалған жоқ, олар 3 орынға ие бола отырып, құрмет грамотасымен сыйлыққа бөленді.

Ал 6-сынып оқушылары 4-ші орынға ие болып, олар да құр қол қайтқан жоқ, оларға құрмет грамотасы мен сыйлық берілді.

Тәрбие ісінің меңгерушісі Гүлнар Амантайқызы сайыстың қызықты, тартымды өткені туралы атап өтті.

Осындай сайыстар – оқушылардың оқуға деген сүйіспеншіліктерін, қызығушылықтарын арттыра түседі және мейірімді, кішпейіл, адамгершілігі мол азаматтар тәрбиелеуде зор ықпал етеді,-деп өз сөзін қорытындылады.

Ұйымдастырған ұстаздарға өз алғысын білдірді.

**Адъят Байкал,**
**Пржевальский ОМ-нің**
**шығармашылық ісінің жетекшісі**

## ПРОЙДИТЕ СКРИНИНГ

**Если Вам в этом году исполняется:**
**18, 25, 30, 35, 40, 45, 50, 55, 60 или 65 лет**

Приглашаем Вас пройти медицинский осмотр (скрининг)
По выявлению заболеваний сердечно-сосудистой системы, которое включает не большой опрос, осмотр, при показаниях – снятие ЭКГ,определение холестерина,триглицеридов и сахара крови.

**Если Вы женщина,и Вам в этом году исполняется: 50, 52, 54, 56, 58 или 60 лет**

Приглашаем Вас пройти маммографию - специальное рентгенологическое исследо вание молочных желез, которое позволит обнаружить в ткани железы изменения, которое трудно определить при осмотре и прощупывании.

**Если Вы женщина, и Вам в этом году исполняется: 35, 40, 50, 55 или 60 лет**

Приглашаем пройти осмотр гинеколога с обязательным цитологическим иследова нием мазка из шейки матки для исключения патологических изменений шейки матки, которые часто формируются в этом возрасте.
Профилактические осмотры проводятся в медицинской организации, к которой Вы прикреплены.

**БУДЬТЕ ОТВЕТСТВЕННЫМИ ЗА СВОЕ ЗДОРОВЬЕ!**

**Районное медицинское объединение**

**Филиалу РГКП «Карагандинского областного центра санитарно-эпидемиологической экспертизы» по Нуринскому району срочно требуются на работу:**

1. Лаборант по гигиене питания – 1 ед.
2. Лаборант бактериолог – 1 ед.
3. Врач бактериолог – 1 ед.
4. Лаборант паразитолог – 1 ед.
5. Лаборант по коммунальной гигиене – 1 ед.

**Квалификационные требования:**
- высшее или среднее профессиональное образование санитарно-гигиенического профиля;
- химико-биологическое образование.

За справкой обращаться по адресу:п. Киевка, ул. 40 лет Победы, 38
тел.: 22-7-97 и 22-7-38

**Нуринский РФ НДП « Нур Отан » проводит районные соревнования среди любителей-рыбаков по подледному лову рыбы.**

Соревнование будет проводиться 6 марта 2011 года в 11.00 часов на озере с.Кызыл-Жулдуз.

Желающим участвовать на спортивном мероприятии будет предоставлен автобус, который 6 марта в 09.00 часов выезжает от Азия центра.

**Нуринский РФ НДП «Нур Отан»**

Мәдениет

## “Домбыраның Жамбылы атанған Дина”

Қазақтың ән – күйлерін ғасырдан – ғасырға, дәуірден дәуірге жеткізіп келе жатқан халық арасынан шыққан өнер адамдары – орындаушылар.
Солар арқылы, міне, бізден бір жарым ғасырдай уақыт бұрын өмір сүрген Құрманғазының, Дәулеткерейдің т.б. күйлері қаз қалпында қазіргі заманға жетіп отыр.

Осы атақты күйшілеріміздің мұрасын жеткізушілердің бірі Дина Нүрпейісованың туғанына биыл 150 жыл толуына байланысты орталық аудан кітапханасының оқу залында атақты күйшіміздің өмір жолы туралы «Домбыраның Жамбылы - Дина» атты музыкалық композиция еткізілді.

Кешке кітапхана оқырмандары мен Киевка № 2 – ші орта мектебінің жоғарғы сынып оқушылары қатысты.

Кеш барысында көрермендер Динаның күйшілік емір жолымен танысып, мәдениет Үйінің «Қазақ – ұлттық аспаптары» оркестірінің орындауында (Жетекшісі: Сасым Жолаушы Садықұлы) Динаның күйлерімен бірге: Құрманғазының, Дайрабайдың, Қазанғаптың, Разықтың күйлерін тамашалады.

Қазақ күйлері өзінің санының молдығына және тақырыбының алуан түрлілігіне қарамастан, тыңдаушысын ойлы, сабырлы сезімге бөлеуге бейім. Бұған Дина Нүрпейісованың құдырет енері жарқын айғақ.

Дина 8-9 жасында домырашылық өнерді жап-жақсы игереді. Оның 1870 жылы ұлы күйші Құрманғазымен кездесуі болашақ өнер жолында шешуші рөл атқарады. Құрманғазы Динаның талантына тәнті болып, одан үлкен үміт күтеді, ақыл кеңес беріп, күйлер үйретеді, оны езіне шәкірт тұтады. Дина Нүрпейісова ұстазының күйлерін үйреніп қана қоймай, оның күйшілік - орындаушылық өнердегі ерекшеліктерін, тилін, дәстүрін жалғастырды.

Құрманғазының «мектебінен» ету Динаның домбырашылық өнерін шыңдай түсті. Ол ез жанынан да күй шығара бастайды. Динаның тырнақалды «Бұлбұл», «Байжұма», «Көгентүп» атты күйлерінде халықтың күйшілік дәстүрі айқын сезіледі.

Оның нәзік сазды «Әсем қоңыры», тау өзенінің тасқынындай шаттыққа толы «Тойбастары» қазақтың ұлттық ою - ернегіндей түр ерекшелігімен, үн – бояуымен, терең тебіреністі мазмұнымен қазақ күйлерінің негізін салған үздік туындылар.

1916 жылғы қазақ даласындағы ұлт – азаттық күресі Дина Нүрпейісованың шығармашылығына елеулі әсер етті. Осы оқиғаға шығарған «16 жыл» күйінде Құрманғазының Исатай мен Махамбетке арнаған «Кішкентай» күйінің әсері байқалады.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында да атақты домбырашының композиторлық қызметі тоқтаған жоқ. «Ана аманаты» күйін емірге әкелді, ал соғыстың біткендігі женіндегі хабарды «Жеңіс» күйімен қарсы алды.

Дина Кеңес заманында да өзінің арман – аңсарын, үміт тілегін халқының жолына бағыштап етті. Рас, қоғамның репрессиялық қаталдығы тудырған жағымпаз саясат пен желбуаз идеология Динаның тұла дарынын қақпайлап бақты. Оны телтума арқасынан айырып, әсіресе ұраншылдықтың қолжаулығы етпек болады. Ол шығарған күйлерге «Еңбек ері», «Сауыншы», «Делегат», «Көкөніс» деп ат қойып, алаулатып – жалаулатып, ресми салтанаттардың ұран күйіне айналдырды. Бұл тұрғыдан келгенде Дина мен Жамбылдың шығармашылық жолдары тағдырлас еді.

Міне, дәулескер күйшінің аңызға бергісіз емірі осындай.

Тағдырдың ең бір қиын бұралаңдарында халықтың бойына қуат берген атақты күйшілеріміздің күйлері, талай ұрпаққа ата - бабаларының мұңы мен шерін, арманы мен рухын ұмыттырмай, үнемі құлағына құюмен болары анық.

Сондықтан, адалдық пен адамдықты ту етіп, әлеуметтік әділдіктің жақтаушысы болып отырған арыстарымыздың өмір жолдары мен шығармашылықтарын алдағы уақытта да оқырмандарға, әсіресе қазақ жастарына насихаттау жолында кітапхана қызметкерлеріне істері оңға баса берсін дей отыра, осындай шараларды жиі – жиі өткізіп отыруларына тілектеспіз.

**Оразова Б.Н.**
**Киевка № 2 қазақ орта мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі**

## ЕРЛЕРДІ ЕЛ ҰМЫТПАЙДЫ

Алғабас ауылында ақпанның 17 – ші жұлдызында, кеңес әскерінің Ауған жеріне шығарылғанына 22 жыл толуына байланысты Пушкин орта мектебінде алғашқы әскери дайындық мұғалімі Т.М.Мадиннің ұйымдастыруымен Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті.

Кездесуге Кертінді ауылынан Мұхаметжанов Еркін Әлімжанұлы және аталмыш ауылдың модельдік кітапхана меңгерушісі Ахтянова Бағдат Кошмағанбетқызы келді.

Өмірінің елшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағамызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізіп, естеліктерін тындау – біз үшін бір ғанибет Еркін ағамыз, естен кетпес естеліктерден үзінді айта отырып оқушылармен мұғалімдер арасында сұхбат жүргізілді.

Бұл кездесу оқушылар мен ауыл тұрғындарына ерекше әсер етті. Жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялатқан Еркін ағамызға айтар алғысымыз шексіз.

Кешімізді Пушкин және Сулейменов орта мектептерінің оқушылары арасында әскери – спорттық ойындарының үш түрінен сайыс өткізілді. Бірінші орынды мылтық атудан Сулейменов ОМ 11 сынып оқушысы Курмашев Б., автоматты белшектеу және жинақтаудан 1-орынды Пушкин ОМ 11 сынып оқушысы Бекен Ғалымжан иеленді, автоматтың оқжаттар жинаунан Пушкин ОМ 11 сынып оқушысы Жумажан Еркін иелініп, ал жалпы командалық 1-орынды Пушкин орта мектебінің жасөспірімдері иеленді. Кеш соңы мектеп әкімшілігі ұйымдастырған концерттік бағдарламаға ұласты.

**Балмағанбет Жанар Болатбекқызы**

## Порядок обращения взыскания на имущество должника

Государственный судебный исполнитель Нуринского территориального отдела Департамента по исполнению судебных актов руководствуется ст. 126 Закона РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей»

Обращение взыскания на имущество должника включает изъятие имущества и (или) его принудительную реализацию либо, передачу взыскателю.

Взыскание по исполнительным документам обращается, в первую очередь, на денежные суммы должника, в том числе и находящиеся в банках и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, если иной порядок не определен в исполнительном документе.

Обращение взыскания на наличные денежные суммы должника, которые значатся по бухгалтерским (кассовым) документам, производится независимо от согласия должника незамедлительно по их представлению или обнаружению вне зависимости от места их хранения. Наличные денежные суммы должника, в том числе хранящиеся в сейфах кассы должника и находящиеся в изолированном помещении этой кассы или иных помещениях должника, подлежат изъятию незамедлительно по их обнаружению, если достоверно известно об их принадлежности должнику.

При отсутствии у должника денежных сумм, достаточных для погашения задолженности, взыскание обращается на другое принадлежащее должнику имущество. Судебный исполнитель с согласия взыскателя и должника вправе передать имущество в натуре без реализации, предварительно оценив его, за исключением имущества, подлежащего государственной регистрации.

Взыскание на имущество должника обращается в том размере и объеме, который необходим для исполнения исполнительного документа с учетом расходов по исполнению и расходов по оплате деятельности частного судебного исполнителя. При недостаточности другого имущества должника взыскания по исполнительному документу. В таких случаях после реализации имущества должнику возвращается вырученная сумма за вычетом взысканной по исполнительному документу суммы и расходов по исполнению, а также сумм по оплате деятельности частного судебного исполнителя.

Нахождение должника в розыске не является препятствием для обращения взыскания на его имущество.

При присуждении взыскателю определенных предметов, указанных в исполнительном документе, судебный исполнитель изымает эти предметы у должника и передает их взыскателю с составлением акта передачи.

Обращение взыскания на имущество частным судебным исполнителем осуществляется с санкции суда, получаемой в порядке, установленном гражданским процессуальным законодательством Республики Казахстан.

**К.Ашкенов,**
**государственный судебный исполнитель Нуринского территориального отдела Департамента по исполнению судебных актов Карагандинской области**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Киевка кентінің тұрғыны, құдамыз **Түсіпбеков Қоянбай Тахирұлын** 60 жасқа толатын мерейтойымен құттықтаймыз. Мықты денсаулық, бақыт пен қуанышқа толы ұзақ ғұмыр тілейміз.

Құрметке лайық бүгін жасыңызда,
Тілейміз бақ пен ырыс басыңызға.
Шаттығы шаңырақтың немерелер,
Аталап ойнап жүрсін қасыңызда.
Тілейміз ұзақ ғұмыр басыңызға,
Тағы да жас қосыңыз жасыңызға.
Денсаулығыңыз кемімей, мықты болып,
Құдағиымыз қатар жүрсін қасыңызда.

**Ізгі тілекпен: Мұрат-Күлпаш №69.**

Киевка кентінің тұрғыны **Баймағанбетова Рымтай Ғазизқызын** наурыз айының 6-шы жұлдызында 50 жасқа толатын мерейтойымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт, сарқылмас қуаныш, ұзақ та мерейлі ғұмыр тілейміз.



Елу деген еңселі жас, мәнді жас,
Елу деген ертегі жас, сәнді жас.
Шын көңілден ізгі тілек айтамыз,
Болашақта бола бер деп мәңгі жас.
Көк аспанда күлім қағып күн тұрсын,
Бойдағы арман биіктерге ұмтылсын.
Көңіл –дария кіршіксіз боп әрдайым,
Өмір әмән қыр күліндей құлпырсын!

**Құттықтаушылар: анасы, сіңілдері-күйеубалалары және жолдасы, балалары.** №75

## ПОЗДРАВЛЯЕМ

дочку Кукенову Инжу
с Днем рождения !



Тебе, Инжу, восемнадцать!
Открылась в жизнь большая дверь.
Как трудно с детством расставаться,
Но не вернуть его теперь.
Пусть все хорошее из детства
Тебе в наследство перейдет,
Пусть от волнения бьется сердце
И песни юности поет.

**С поздравлением мама, семья Кукеновых.** №74.

**Администрация ПК Индустриальный поздравляет женщин с праздником 8-ое марта**

**Милые женщины!**

От всей души поздравляем вас с Международным женским днем 8 марта – замечательным весенним праздником!

Пусть этот весенний праздник принесет вам радость, любовь и тепло ваших близких, внимание и заботу окружающих!

Меняются времена, приходят новые поколения, но ценности которые олицетворяет собой женщина, - любовь, материнство доброта, красота – остаются неизмененными.

Женщины не просто хранительницы домашнего очага, но и активные участницы государственной жизни. Почти половина всех занятых в экономике – это женщины.

Вы вносите неоценимый вклад в развитие нашего общества.

В этот праздничный день примите наши самые искренние самые теплые пожелания. Счастья, здоровья, любви вам!

Пусть сбудутся все ваши желания. И пусть в вашем доме всегда царят мир, любовь и благополучие!

**Председатель ПК Индустриальный Дильман И.Ф№71.**

## Вечер юмора и смеха

По традиции в нашей школе проводится КВН.
Все команды 5-10 классов готовятся по положению. Хочется отметить хорошую подготовку команд. В игре участвовали 9 команд.



Право быть в жюри и оценивать выступление команд удостоились учащиеся 11 классов во главе с президентом школы Джакуповым Нургельды. Команды оценивались по двум возрастным категориям, т.е. 5-7 классы и 8-10 классы.

В первом задании блестяще выступили команды:
«Пай- пай 5 қазақ», «Лига -дэнс» 6 рус класс, «Маржан» 7 каз класс. Среди 8-10 классов команды «Тек қана қыздар -по бокам ұлдар» 9-10 қаз, «Саня» 10 рус. Все миниатюры и музыкальное оформление программы соответствовало требованиям игры.
Второе задание состояло из трех вопросов на логику. Здесь все команды показали свою смекалку и интеллект. Также параллельно с подготовкой к игре каждой командой был подготовлен клип на новогоднюю тему, которые транслировались в течение программы на экране. Хочется отметить работу команды «Лига Дэнс», где родители этой команды приняли активное участие в подготовке своих детей.

В последнем домашнем задании ребята должны были показать музыкальную историю. Все классы показали высокий уровень поготовки. Опять же выступление команд «Лига -дэнс» и «Тек қана қыздар -по бокам ұлдар» было встречено бурными овациями. Выступление юных КВНщиков учащихся 5-х классов отличалось непосредственностью, дети играли с азартом и показали хороший уровень подготовки.

Было выявлено много талантов среди участников. Первое место среди среднего звена заняла команда «Лига Дэнс» 6 русский класс, среди старшего звена команда «Тек қана қыздар -по бокам ұлдар» 9-10 каз класс. Команды были поощрены грамотами и ценными призами.

**Совет Старшеклассников**
**ДЮО «Болашак»**
**СШ им. К. Шайменова**